



Бекітемін

Ақтөбе облыстық «Нектар» арнайы
баллабақшасы» коммуналдық мемлекеттік
мәкемесінің меңгерушісі

А.О.Сеитова

2025-2026 оқу жылы

Психикалық дамуы тежелген «Құлагер» ересек тобының дефектологы А.Б.Сауранбаеваның
«Қоршаған әлеммен таныстыру және сөйлеуді дамыту» («Қоршаған әлем» бағдарламасы) және
«Сенсорика» («Қызықты сенсорика»бағдарламасы) пәндері бойынша арнайы түзетім қызметінің 2025-2026 оқу жылына
құрастырған перспективалық жоспары

Қыркүйек 2025 жыл	
Арнайы түзету іс-әрекеті	Арнайы түзету іс-әрекетінің міндеттері
«Қоршаған әлеммен таныстыру және сөйлеуді дамыту»	Фонематикалық түсініктерін дамыту. Байланыстырып сөйлеу тілін дамыту.Сөйлеу тілін есту,көріп қабылдау,зейін,ұсақ және жалпы моториканы дамыту.Ынтымақтастық,өзара түсіністік ,мейірімділік,жауапкершілік,бастамашылдық дағдыларын қалыптастыру. Байланыстырып сөйлеу тілін және зейінін дамыту. Сөзді буынға бөлу дағдысын жетілдіру. Сөйлеу тілін қимыл –қозғалыспен үйлестіру. сөздік қорын белсенділеу, кеңейту, нақтылау. Қоршаған ортаға деген көзқарасын дамыту, таным деңгейін қалыптастыру.
Сенсорика	Қол моторикасын дамыту, баланың ойлау қабілетін дамыту.(ойыншықтарды құрастыру). Түрлі-түсті кубиктерді тізіп, бір-бірінің үстіне қойып үйрету. Түстерді атауға, салыстыруға жаттықтыру;

	берілген тапсырманы орындауға ынталандыру; достық қарым-қатынастарын тәрбиелеу. Баланың даму деңгейін, пішін, түс, көлем туралы түсінігін анықтау және логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. Балалардың оқу қызметіне қызығушылығын арттыру. Пішінді түсті ажыратып, ұқыпты жұмыс істеуге дағдыландыру. Балаларды бауырмалдыққа, ұқыпты болуға, татулыққа, өзара сыйластыққа, жанашырлыққа тәрбиелеу.
--	---

Қазан 2025 жыл	
Арнайы түзету іс-әрекеті	Арнайы түзету іс-әрекетінің міндеттері
«Қоршаған әлеммен таныстыру және сөйлеуді дамыту»	Дыбыстары бойынша нысандарды топтастыру дағдысын бекіту, естіп қабылдауы мен зейінін дамыту, таныстыруды жалғастыру; саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Табиғаттағы ауа-райының жағдайларын бақылау дағдыларын жетілдіру. Нұсқауларды түсінуі қалыптастыру. Жұмыс қарқыны тексеру. Құрастыру ерекшеліктері дамыту. Сөздерді байланыстыру, сөздік қорын тексеру. Қызығушылық реакциясын дамыту. Есту зейінін, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту және ұсақ қол моторикасын дамыту. Белсенділік, жауапкершілік, мейірімділік, достық, бірлесу дағдыларын қалыптастыру.
«Сенсорика»	Биік-аласа, бір-көп ұғымдармен таныстыру. Жоғары мен төменді бір бірінен ажырата білуге үйрету. Заттардың бір зат және көп зат екенін айыра білуді үйрету. Қоршаған ортадан бір және көп затты таба білуді дамыту. Шыдамдылыққа, қызығушылыққа тәрбиелеу. Кесілген суреттерді орналастыруға үйрету. Көрнекі қабылдауды, зейінді, ойлауды, есте сақтауды дамыту. Балаларға қатты және жұмсақ заттарды сезуге және ажыратуға үйрету. Заттарды топтастыруды үйрету. Заттардың түсі, пішіні, өлшемі бойынша тануға үйрету.

Қараша 2025 жыл	
Арнайы түзету іс-әрекеті	Арнайы түзету іс-әрекетінің міндеттері
«Қоршаған әлеммен таныстыру және сөйлеуді дамыту»	Фонематикалық қабылдауын, ойлау, ұсақ моторикасын, көрнекі – бейнелік гнозисін дамыту. Жинақтап айту, салыстырып айту білігін жетілдіру. Зейін, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. Белсенділік, жауапкершілік, мейірімділік, достық, бірлесу дағдыларын қалыптастыру. Баланың бақылағыштығын, қиялын дамыту. Дыбысқа еліктеу, музыкалық аспаптар, шиқылдауыш ойыншықтарды қолданумен түрлі қаттылықтағы (қатты-ақырын), жоғарылықтағы (жоғары-төмен) дыбыстарды қабылдау кезіндегі есту зейінін дамыту;
«Сенсорика»	Балалардың өз сөзімен суреттеп, сөйлей білу қабілеттерін дамыту. Еңбекқорлыққа, табиғатты аялауға, әсемдікті көре білуге, сезінуге тәрбиелеу. Жалпылау үшін елеулі белгілерін орнатуға үйрету. Байланыстырып сөйлеуін дамыту. Балаларда танымдық қызығушылықты дамыту.

Желтоқсан 2025 жыл	
Арнайы түзету іс-әрекеті	Арнайы түзету іс-әрекетінің міндеттері
«Қоршаған әлеммен таныстыру және сөйлеуді дамыту»	Фонематикалық қабылдауын, ойлау, ұсақ моторикасын, көрнекі – бейнелік гнозисін дамыту. Жинақтап айту, салыстырып айту білігін жетілдіру. Зейін, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. Белсенділік, жауапкершілік, мейірімділік, достық, бірлесу дағдыларын қалыптастыру. Баланың бақылағыштығын, қиялын дамыту. Дыбысқа еліктеу, музыкалық аспаптар, шикылдауыш ойыншықтарды қолданумен түрлі қаттылықтағы (қатты-ақырын), жоғарылықтағы (жоғары-төмен) дыбыстарды қабылдау кезіндегі есту зейінін дамыту;
«Сенсорика»	Балалардың өз сөзімен суреттеп, сөйлей білу қабілеттерін дамыту. Еңбекқорлыққа, табиғатты аялауға, әсемдікті көре білуге, сезінуге тәрбиелеу. Жалпылау үшін елеулі белгілерін орнатуға үйрету. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Балаларда танымдық қызығушылықты дамыту. Форма бойынша заттарды танып білу (текше, кірпіш, шар, призма); Жазықтықтағы пішіндерге (шеңбер, сопақша, шаршы, тік төртбұрыш) байланыста бағдарлау; Түс, пішін, шама бойынша біркелкі заттарды салыстыру, ара қатынасын белгілеу, топтау; Заттардың пішіндерін саусақтармен сұлба бойынша жиектеу қабілеттерін дамыту.

Қаңтар 2026 жыл	
Арнайы түзету іс-әрекеті	Арнайы түзету іс-әрекетінің міндеттері
«Қоршаған әлеммен таныстыру және сөйлеуді дамыту»	Тіл байлықтарын дамыту. "Үстінде", "астында", "ішінде" ұғымдарымен таныстыру. Балалардың сөйлеу, ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын молайту. Танымдық іс-әрекет жағдайын қалыптастыру. Жалпы және қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Нұсқауларды түсінуі қалыптастыру. Құрастыру ерекшеліктері дамыту. Қызығушылық реакциясын қалыптастыру. Есту зейінін, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту және ұсақ қол моторикасын дамыту.
«Сенсорика»	Сөздерді байланыстыру, сөздік қорын тексеру. Үлгіге сүйене отырып, моншақтарды түсі бойынша кезектестіруге үйрету. Балалардың заттардың саны, сапасы туралы білімдерін бекітуді жалғастыру, "қатты", "жұмсақ" қасиеттерін ажырата білуге және атай білуге үйрету. Дыбыстарды ажырата білуге үйрету. Есту қабілеті мен зейінін дамыту. Таныс заттар мен құбылыстарды олардың дыбыстық сипаттамаларына сәйкес бөлу. Зейінділікке тәрбиелеу.

Ақпан 2026 жыл	
Арнайы түзету іс-әрекеті	Арнайы түзету іс-әрекетінің міндеттері
«Қоршаған әлеммен таныстыру және сөйлеуді дамыту»	Танымдық және сөздік шеберлігін дамыту, көру, сезу, қозғалу, салыстыру арқылы түсті, пішінді, өлшемді анықтауды қалыптастыру. Ойын, оқу іс-әрекеттері туралы түсініктерін қалыптастыру және сабақ барысында кішіпейіл болуға тәрбиелеу. сөздік қорларын, анықтау, кеңейту, белсенділеу, сұраққа толық жауап беруге үйрету. Табиғат сұлулығын сезінуге, оны қорғауға, батылдыққа, адамгершілікке, ұжыммен бірлесіп әрекет жасауға тәрбиелеу. табиғат құбылыстарымен таныстыру.
«Сенсорика»	Табиғатқа және бір-біріне қамқорлық қарым - қатынасқа баулу. Балаларды қоршаған әлемді танудың маңыздылығы туралы түсініктерін қалыптастыру. Есте сақтау қабілеттерін, ой-өрістерін, зейіндерін, көріп тану қабілеттерін дамыту, дүние-танымдарын кеңейтіп, қиялдарын шарықтату. Сурет салуға, жабыстыруға, құрастыруға үйрету, математика мен жазу негіздерін қалыптастыру.

Наурыз 2026 жыл	
Арнайы түзету іс-әрекеті	Арнайы түзету іс-әрекетінің міндеттері
«Қоршаған әлеммен таныстыру және сөйлеуді дамыту»	Көру арқылы ойлау қабілеттін, таным деңгейін қалыптастыру. Балаларды бауырмалдыққа, ұқыпты болуға, татулыққа, өзара сыйластыққа, жанашырлыққа тәрбиелеу. Көріп қабылдау және зейінін, фонематикалық қабылдауын дамыту. Жұмбақтар шешіп үйрену. Сипаттап айтуға, рөлдік дағдыларын қалыптастыру. Ойын, оқу іс-әрекеттері туралы түсініктерін қалыптастыру және сабақ барысында кішіпейіл болуға тәрбиелеу.
«Сенсорика»	Салыстырып айтуға, сипаттауға үйрету. Ойлау және есте сақтау қабілеттерін дамыту. Сөзге дыбыстық талдау жасау және буынға бөлу дағдыларын жетілдіру. Ұқыптылыққа, еңбек сүйгіштікке, анық сөйлеуге тәрбиелеу. Байланыстырып сөйлеу тілін, көріп қабылдау және зейінін дамыту. Жұмбақтар шешіп, жаңылтпаштар айтып үйрену. Шыншылдыққа, адамгершілікке тәрбиелеу. Сөздерді байланыстыру, сөздік қорын тексеру. Қызығушылық реакциясын дамыту. Есту зейінін, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту және ұсақ қол моторикасын дамыту.

Сәуір 2026 жыл	
Арнайы түзету іс-әрекеті	Арнайы түзету іс-әрекетінің міндеттері
«Қоршаған әлеммен таныстыру және сөйлеуді дамыту»	Сөздік қорын жаңа сөздермен толықтыру . Байланыстырып сөйлеу тілдерін,ұсақ моториканы дамыту. Байланыстырып сөйлеу тілдерін ,фонематикалық түсініктерін дамыту.Сурет бойынша әңгіме құрап айтуға ,сұрақтарға толық жауап беруге үйрету.Жауапкершілік,белсенділік, мейірімділік,бірлесу дағдыларын қалыптастыру. Сөйлеу тілінің грамматикалық қатарын жетілдіру.Рөлде ойнау біліктерін қалыптастыру. Саусақ моторикасын дамыту
«Сенсорика»	Сурет бойынша әңгімелеу,сөйлемдер құрап айту дағдыларын дамыту. Табиғат ерекшеліктері мен өзгерістерін бақылау арқылы тілдерін дамыту, табиғатты аялауға, табиғаттың әсемдігін, сұлулығын көре, сезе білуге тәрбиелеу. Тілдік қарым-қатынас дағдыларын ,байланыстырып сөйлеу тілін,көріп қабылдау және зейінін,шығармашылық қиялын дамыту.Сұраққа толық жауап беру дағдыларын дамыту.Сөйлеу тілінің грамматикалық қатарын жетілдіру жұмысын жалғастыру.Фонематикалық есту және қабылдауын дамыту.

Мамыр 2026 жыл	
Арнайы түзету іс-әрекеті	Арнайы түзету іс-әрекетінің міндеттері
«Қоршаған әлеммен таныстыру және сөйлеуді дамыту»	Сөйлеу тілінің грамматикалық қатарын жетілдіру жұмысын жалғастыру. Фонематикалық есту және қабылдауын дамыту. Ойлау, есте сақтау қабілеттерін, зейінін дамыту. Ұқыптылыққа, еңбек сүйгіштікке, анық сөйлеуге тәрбиелеу. Жалпы және ұсақ қол моторикасын қалыптастыру. Тақырып бойынша сөз қорларын кеңейту және анықтау. Тілдік естуін, ойлау, жалпы тілдік дағдыларын, диалогтік сөйлеу тілін дамыту. Ойын, оқу іс-әрекеттері туралы түсініктерін қалыптастыру және сабақ барысында кішіпейіл болуға тәрбиелеу.
«Сенсорика»	Диалогтік сөйлеу, фонематикалық қабылдау, ойлау, ұсақ моторика және жалпы моториканы дамыту, сөйлеуді қимыл-қозғалыспен үйлестіру. Бірлесу, мейірімділік, белсенділік, жауапкершілік, өзара түсінісушілік дағдыларын қалыптастыру. Зейін, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. Ойлау, есте сақтау қабілеттерін, зейінін және фонематикалық түсініктерін дамыту. Ойын, оқу іс-әрекеттері туралы түсініктерін қалыптастыру және сабақ барысында кішіпейіл болуға тәрбиелеу. Түстерді атауға, салыстыруға жаттықтыру; берілген тапсырманы орындауға ынталандыру; достық қарым-қатынастарын тәрбиелеу.

Бекітемін
«Ақтөбе облыстық «Нектар» арнайы
балаларға арналған қоғамдық
мектебінің» меңгерушісі
А.О.Сеитова
«01» 2025/2026 оқу жылы



Психикалық дамуы тежелген «Құлагер» мектепалды тобындағы балаларға
арналған Қоршаған әлеммен таныстыру және тіл дамыту бойынша арнайы
түзетім қызметінің «Қоршаған әлем» атты жұмыс бағдарламасы
Дефектолог Сауранбаева.А.Б

Ақтөбе 2025-2026 оқу жылы

Ақтөбе облыстық «Нектар» арнайы балабақшасы КММ әдістемелік кеңесінде қаралып және бекітілді

Құрастырушы авторлар:

Сентова Асия Орынбасаровна – «Ақтөбе облыстық білім алуға ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған арнайы (түзетім) балабақшасы» КММ-нің меңгерушісі

Жалғасбаева Айзада Базарбайқызы - Ақтөбе облыстық білім алуға ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған арнайы (түзетім) балабақшасының дефектолог маманы

Қыдырбай Оксана Тұратайқызы - Ақтөбе облыстық білім алуға ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған арнайы (түзетім) балабақшасының дефектолог маманы

Қоршаған ортамен танысу. Әдістемелік нұсқау. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы бойынша мектепалды тобы мен педагогтеріне арналған.

**Ақтөбе облыстық «Нектар» арнайы балабақшасы педагогтары
А.О.Сентова, А.Б.Жалғасбаева мен О.Т.Қыдырбайдың қоршаған ортамен
таныстыру және сөйлеу тілін дамыту арнайы түзетім оқу қызметі
бойынша «Қоршаған әлем» бағдарламасына
Пікір**

«Қоршаған әлем» бағдарламасы баланың табиғат сұлулығын сақтауды қалыптастыруға бағытталған, өйткені осы кезеңде жеке тұлғаның қасиеттері дамиды, табиғи мәдениеттің негіздері қаланады.

Бағдарлама авторы алдына қойған мақсаттарды орындау барысында табиғат әлеміне, қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарға деген танымдық қызығушылықтарын арттыру әдісі мен ұйымдастырылған іс – әрекетін өткізуде ойын тәсілін қолданған. Сонымен қатар автор бағдарламада педагогтардың міндеті–балалардың табиғаттың бірлігі мен алуан түрлілігі, табиғаттың әр түрлі объектілері арасындағы байланыстар мен қатынастар, табиғаттағы үнемі өзгерістер мен оның дамуы, табиғаттағы тіршілік иелері арасындағы қатынастардың қажеттілігі, табиғатты оңтайлы пайдалану және оны қорғау туралы дүниетанымдық тұжырымдарға жетелеу керектігін көрсеткен.

Бағдарламалық мазмұнды жүзеге асыра отырып, педагог балалардың ой өрісін, заттар , адамдар және олардың еңбегі, өздері жайлы білімдерін кеңейту керек. Бұл міндеттерді шешу балалардың ақыл ой қабілеттерін және тілін дамытады.

Баланың табиғатты танып–білуге деген қызығушылығын оята отырып, педагог оны табиғатпен таныстырып қана қоймай, оны түсінуге, өсімдіктер мен құстарды қамқорлауға ,табиғаттың сұлулығын сезіне білуге үйретеді.

Жыл соңына қарай балалар жыл мезгілдерін, жануарлар түрлерін, жеміс-жидектер мен көкөністерді ажыратуды, көлік құралдарын ажыратып тани білуді үйренеді.

Бағдарламада тақырыптық жоспар , сағат саны көрсетілген. Барлық ұйымдастырылған іс – әрекет саны – 36 сағат. Қорыта келе бұл бағдарлама арнайы түзеу мекемелерінің тәрбиеші, дефектолог мамандарына қолдануға ұсынылады.

Түсіндірме хат

Қазақстан Республикасы жалпы білім беру ұйымдары «білім алуды үйрету» ұстанымын негізге алады. Ол ұстаным бойынша ХХІ ғасырдағы қарқынды дамып келе жатқан зияткерлік және техникалық ортада өз бетімен білім алуға ұмтылатын, ынталы, қызығушылығы жоғары, өзіне сенімді, жауапкершілігі мол және зияткерлік тұрғыдан дамыған тұлға қалыптастыру көзделеді. Осы қасиеттерді өз деңгейінде қалыптастыру 2016-2017 о.ж Мазмұны тұрғысынан оқу бағдарламалары тәрбиеленушіні өзін-өзі оқыту субъектісі және тұлға аралық қарым-қатынас субъектісі ретінде тәрбиелеуде нақты оқу пәнінің қосатын үлесін айқындайды: тәрбиеленушілер өз түсінігін кеңейте отырып, өзіндік көзқарасы мен пайымдауын қалыптастырады, зерделеуге және өз ойын сенімді айта білуге дағдыланады.

«Қоршаған ортамен танысу» – оқу әдістемелік кешені «Әлеуметтік дағдыларын дамыту» білім беру саласындағы «Қоршаған ортамен танысу» ұйымдастырылған іс-әрекет (ҰІӨ) бойынша дайындалған. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы бойынша берілген оқу материалдары (бұдан әрі – Бағдарлама) баланың мектепте білім алу даярлығын (әлеуметтік психологиялық, тұлғалық, ерік-жігерлік, физикалық және зияткерлік даярлығы) қамти отырып, баланың коммуникативтік дағдыларының қалыптасуына, танымдық және әлеуметтік мотивтерінің көрінуіне, қызығушылығы мен білім алуға деген құштарлығының дамуына ықпал етеді. Осы берілген бағдарлама бөлімінде 5-6 жастағы тәрбиеленушілерді тәрбиелеу мен оқытудың мынадай мақсаты мен міндеттері анықталған:

Мақсаты: балалардың қоршаған орта, адамдардың іс-әрекеті жайлы түсінігін кеңейту.

Міндеттері:

- балаларда жақындарына деген сүйіспеншілік сезімі, оларға қамқорлық көрсету ұмтылысы, туған еліне, қаласына деген бауырмалдық пен оның тарихына қызығушылық таныту сияқты адамгершілік сапаларды тәрбиелеу;
- адам еңбегіне деген құрмет сезімін қалыптастыру, адам қолымен жасалғанның барлығына ұқыпты қарауды, балалардың сөйлеу тілін, зейінін, қиялын дамыту.

Қазақстан Республикасы аумағында тұратын басқа ұлттың адамдарына, олардың мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне мейірімділік және құрметтілік қарым-қатынасқа тәрбиелеу. «Қоршаған ортамен танысу» ұйымдастырылған іс-әрекет (ҰІӨ) мазмұны оқу бөлімдері бойынша ұйымдастырылған. Олар күтілетін нәтижелер түрінде берілген оқу мақсаттарын көздейтін бөлімшелерден тұрады. Әрбір бөлімше ішінде реттілікпен құрылған оқу мақсаттары педагогке жұмысын жоспарлауға, балалардың жетістіктерін бағалауға және оларға оқудың келесі кезеңдері туралы ақпарат беруге мүмкіндік береді.

Бағдарламалық мазмұнды жүзеге асыра отырып, педагог балалардың ой-өрісін заттар, адамдар және олардың еңбегі, өздері жайлы білімдермен кеңейтуі керек. Бұл міндеттерді шешу балалардың ақыл-ой қабілеттерін және тілін дамытады. Қоршаған ортамен танысу бойынша балалар өзінің аты-жөнін, жасын, отбасын, мектебін, педагогті, топтағы балалардың аты-жөндерін тани бастайды. Балабақшаның ішкі құрылысымен таныстырылып, бөлме, асхана, дәрігер бөлмесі т.б. айырмашылықтарын ажырата бастайды. Сонымен қатар әр бөлмеде

жұмыс түрін, қажетті құралдарды атайды. Олардың аты, не үшін қажет? неден жасаған? қайда? кімде? қандай? кім не істейді? сұрақтарына дұрыс жауап беруге үйреніп, балабақшада өздері немен шұғылданатыны туралы әңгімелейді. Баланың табиғатты танып-білуге деген қызығушылығын оята отырып, педагог оны табиғатпен таныстырып қана қоймай, оны түсінуге, өсімдіктер мен құстарды қамқорлауға, табиғаттың сұлулығын сезіне білуге үйретеді. Сонымен қатар баланың төмендегідей білім, білік дағдылары қалыптасады:

- байланыс құралдарының адам өміріндегі қажеттілігін түсініп, олардың қолданылу аясын атайды;
- белгілі батырлармен және тұлғалармен танысып, олар жайлы әңгімелейді;
- киіз үйдің құрылысы мен жабдықтарын атау, олардың қолданыстағы ікемділігін түсіндіреді;
- ұлттық қолданбалы өнермен танысып, алған түсінігі мен әсерлерін түрлі жолдармен жеткізе алады.

«Қоршаған ортамен танысу» оқу-әдістемелік кешенінің құрамына тәрбиеленушілерге арналған дидактикалық ойындар кіреді. Дидактикалық ойындар берілген материалдар танымдық, зерттеушілік сипатқа ие және дидактикалық қағидаларды, яғни көрнекілік, жүйелілік, табиғатпен және күнделікті өмірмен өзара байланыстылығы ескеріле отырып берілді. Табиғат – бала бойына адамгершілік қасиеттерді қалыптастыратын мол тәрбие көзі. Сондықтан табиғатқа, қоршаған ортаға деген сүйіспеншіліктерін осы ұйымдастырылған іс әрекет қызметі (ҰІӨ) арқылы бала бойына ұялатамыз. Әр ҰІӨ бағдарламада көрсетілген тақырыптар жан-жақты ашылады. Әдістемелік құралда әр ҰІӨ-тің тақырыбын ашу мақсатында бірнеше жұмыс түрлері көрсетіліп берілді. Педагог үлгі-ҰІӨ жоспарларын өзінің қалауынша толықтырып пайдалана алады.

- педагогтерге өз жұмысын жоспарлауға және балалардың жетістіктерін бағалауға мүмкіндік беретін оқу мақсаттары жүйесінің болуы;
- оқу үрдісін күнделікті өмірге және қарым-қатынас жасауға қажетті қабілеттер мен практикалық дағдыларды дамытып, қалыптастыруға бағыттау;
- балалардың әлеуметтік маңызы бар тақырыптарды терең шолуына бағытталған тақырыптық оқу мазмұнының болуы;
- пәнішілік және пәнаралық мазмұнының кіріктірілуі;

Осы қағидалардың барлығы Қазақстан Республикасы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны мен құрылымында және жаңа оқу-әдістемелік кешендерінде қамтылған.

«Қоршаған әлем» бойынша тақырыптық жоспар үлгісі

№	Тақырып	Бағдарламалық мазмұны	Сағат саны
1	«Менің балабақшам»	Балабақшаға деген қызығушылығын, сүйіспеншілігін арттыру. Өзінің балабақша ұжымының мүшесі екенін санасына сіңіру, достық қарым-қатынас сезімдеріне тәрбиелеу. Ой өрістерін, сөздік қорларын молайту. Балабақша қызметкерлерінің атқаратын қызметтерімен танысу. Фонематикалық түсініктерін дамыту. Сөзді буынға бөлу дағдысын жетілдіру. Байланыстырып сөйлеу тілін дамыту..	1
2	«Отбасым алтын бесігім»	«Отбасы» құндылығы туралы түсініктерді отбасы туралы ұғымдарды кеңейту, оны сүйе білуге, отбасы игілігі үшін талмай еңбек етуге үйрету; балаларға өз отбасы мүшелері туралы айтып, олардың қамқорлықтары туралы білім беру, әр түрлі тапсырмалар, ойындар арқылы, мақал-мәтел жаттатқызу арқылы тілдік қорларын дамыту, өз ойларын айқын жеткізуге, үш тілділікке үйрету.	1
3	«Ойындар мен ойыншықтар»	Балаларды ойыншықтардың түрімен, түсімен таныстыру, тақпақтар айтқызу, сөздік қорын молайту, тіл байлығын дамыту, есте сақтау қабілеттерін жетілдіру, ойын арқылы сабаққа деген қызығушылықтарын арттыру. Сөзді буынға бөлу дағдысын жетілдіру. Сөйлеу тілін есту, көріп қабылдау және зейін, артикуляциялық, ұсақ және жалпы моториканы дамыту. Сөйлеу тілін қимыл – қозғалыспен үйлестіру.	1
4	«Жомарт күз»	Табиғаттағы өзгерістер туралы балалардың түсініктерін қалыптастыру. Күз мезгілінің ерекшеліктері туралы сөйлем құрастырып, әңгімелеуге үйрету. Ұзақ және бірқалыпты тыныс шығару, көру, зейінін, ойлау, артикуляциялық, ұсақ және жалпы моториканы дамыту. Сөйлеу тілін қимыл-қозғалыспен үйлестіре білуін дамыту.	1
5	«Тәтті жемістер»	Жемістер мен көкөністер түсінік беру. Оларды ажырата білуге үйрету. Ойын, есте сақтау қабілетін, дүние танымын дамыту. Балалардың жеміс ағаштарын қорғап, оларға қамқор болуына ықпал ету үшін тәрбиелік әңгімелер жүргізу. Қоршаған ортадағы түрлі заттарды сипаттау үшін қажетті заттардың атауын, әрекетін, сипаттамасын қолдана алуын дамыту; Сөйлеу тілін қимыл-қозғалыспен үйлестіруді дамыту, сөйлеу ырғағы және темпімен жұмыс.	1
6	«Бірге еңбектенеміз (Көкөністер)»	Көкөністер мен жемістер туралы түсініктерін кеңейту. Шығармашылық қабілетін дамыту. Адамдардың еңбегін бағалауға тәрбиелеу. Фонематикалық қабылдауын, ойлау, ұсақ моторикасын, көрнекі – бейнелік гнозисін, бірқалыпты тілдік тыныс алуын дамыту. Сөздің	1

		буындық құрылымымен жұмыс.Сөзге дыбыстық талдау жасау дағдысын жетілдіру.	
7	«Жидектер мен саңырауқұлақтар»	Балалардың адам өмірінде жазық даланың маңыздылығы туралы түсініктерін анықтау. Жазық даланың өсімдік әлемінің әр қилы екендігін көрсету (далада не өседі). Саңырауқұлақтардың түрлерімен таныстыру, конструктивті ойлау дағдыларын, танымдық қызығушылықтарын қалыптастыру, өз бетімен жұмыс жасай білуге үйрету. Сөйлеу тілінің грамматикалық қатарын жетілдіру.	1
8	«Нан үстелге қалай келеді?»	Ұннан жасалатын тағамдар туралы әңгімелету. Дикан мен наубайшылардың еңбегі жайлы түсіндіру. Диканшы еңбегі туралы білімдерін толықтыру. Нанды ардақтауға, ысырап қылмауға тәрбиелеу, үлкендердің еңбегін бағалауға баулу. Мақал-мәтелдерді, тыйым сөздерді, тапқыты пайдалана отырып, балалардың сөздік қорын, тіл байлығын дамыту	1
9	«Терек, қайың ағаштары»	Ағаштардың бейнесін дұрыс бейнелеу, дәстүрден тыс әдістерді қолдану арқылы, суретке карап әртүрлі түстерді байқауға, олардың түсін ажырата білуін, алған әсерлерін сөзбен жеткізе білуге, ойлау қабілеттерін дамыту. Табиғатты сүйе білуге, аялауға, қорғай білуге тәрбиелеу. Балалардың байланыстарын сөйлеуін, тілін, сөздік қорын дамыту.	1
10	«Үй құстарына қамқормыз»	Үй құстары және олардың балапандарымен таныстыру, үй құстары жайлы түсініктерін ажырата білуді үйрету; Триз технологиясы арқылы қиялын дамыту, ойын арқылы сөздік қорларын молайту. Үй құстарына қамқор болуға, оларды күте білуге, құстарды қорғауға тәрбиелеу. Зат есімді сан есім, сын есім, етістікпен тіркестіріп сөз тіркесін жасауға үйрету..	1
11	«Шымыр болып өсеміз»	Адам дене мүшелерін, олардың атқаратын қызметтерін үйрету. Тілдерін дамыту. Логикалық ойлау қабілетін арттыру. Тазалыққа, ұқыптылыққа үйрету. Сөйлеу тілінің грамматикалық қатарын дамыту. Сөйлеу тілінің интонациялық мәнерлілігін, тілдік тыныс алуын, артикуляциялық моториканы дамыту. Тақырып бойынша сөздік қорын кеңейту, белсенділеу.	1
12	«Жиһаздар әлемі»	Балалардың айналасындағы жиһаз туралы түсініктерін нақтылау және жалпылау. Ол жасалған материалдар туралы түсінік беру, жиһаздың не үшін қажет екендігі туралы білімдерін бекіту (функционалды қолдану). Жиһаз заттарына ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Дербестікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1
13	«Көлік түрлері»	Көлік түрлері жайлы білімдерін қалыптастыру. Атқаратын қызметіне және жүретін ортасына қарай (әуеде, жерде, суда) топтастыруға үйрету.. Көліктердің пайдасы және зиянды жақтары туралы білімдерін жетілдіру. Шығармашылыққа баулу. Адамгершілікке, тазалыққа тәрбиелеу. Балалардың сөйлеу, ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын молайту. Сөйлеу ағымында дауыс ырғағы бойынша	1

		сөйлемдерді ажыратады: үйрету: сұрау, лепті, хабарлау дауыс ырғақтарын дамыту.	
14	«Мамандықтар»	Өртүрлі мамандықтар туралы білімдерін жетілдіру,мұнайшы, құрылысшы мамадықтары туралы мағлұмат беру,мамандық иелерінің қызметі,олардың еңбегімен таныстыруға, мамадық иелеріне, түрлеріне деген қызығушылықтарын арттыру, адам еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиеле. Сөйлеу тілінің грамматикалық қатарын жетілдіру.Фонематикалық түсініктерін ,сөзге дыбыстық талдау жасау біліктерін жетілдіру. 3-4 сөзден тұратын сұрақтар бойынша диалогтік қарым-қатынасты дамыту.	1
15	«Қазақстанда біз тұрамыз»	Балаларды Отанға деген мақтаныш, патриоттық сезімін дамыту. «Патриот » деген сөздің терең мәнін түсіндіріп өту. Отанды сүйуге, құрметтеп қастерлеуге, өз елін, тегін, тарихын білуге тәрбиелеу. Тәуелсіз еліміздің азаматшалары болуға тәрбиелеу. Артикуляциялық және ұсақ моториканы дамыту.Тілдік тыныс алуын,фонематикалық түсініктерін дамыту.Сөзге дыбыстық талдау жасау білігін жетілдіру.	1
16	«Жаңа жыл, жаңа жыр»	Қыс мезгіліндегі мерекелер жайлы білімдерін кеңейту. Жаңа жыл туралы әңгімелесу. Сөйлеу тілінің грамматикалық қатарын, байланыстырып сөйлеу тілін дамыту.Тілдік тыныс алу және артикуляциялық моториканы дамыту.Сын есім және антоним сөздер сөздігін дамыту.	1
17	«Қыс қызығы»	Балалармен қыс мезгілінің ерекшеліктерін еске түсіре отырып, сурет бойынша әңгіме құруға үйретуді жалғастыру. Қыс мезгілінің табиғатын бала қиялымен ұштастыру арқылы байланыстырып, сөйлеу шеберліктерін арттыру. Балалардың ұсақ қол моторикасын дамыту, ұйымшылдыққа, достыққа тәрбиелеу.	1
18	«Үй жануарларын күтеміз»	Балалардың үй жануарлары туралы түсініктерін кеңейту. Олардың адамға тигізер пайдасын айту. Үй жануарларына байланысты жұмбақ, тақпақтар айтқызып сұрақ - жауап арқылы балалардың тілін, ойлау қабілеттерін дамыту. Үй жануарларына қамқорлық жасауға тәрбиелеу.	1
19	«Қоныс аударатын құстар»	Балаларға құстардың түрлерін соның ішінде қыстап қалатын құстар туралы білімдерін бекіту, сөздік қорларын молайтып, байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыру. Балалардың бойында қамқорлық, мейірімділік қасиеттерін ояту. Қойылған сұраққа толық жауап алу..Сөйлеу тілінің грамматикалық қатарын жетілдіру. Көріп қабылдау және зейінін, фонематикалық қабылдауын , артикуляциялық моториканы дамыту.	1
20	«Жабайы жануарлардың қысқы мекені.»	Жабайы аңдар тіршілігі туралы түсінік беру. Жабайы аңдарды бір-біріне ажырата білуге және олардың аттарын дұрыс айтуға үйрету. Балалардың ойлау қабілеттерін арттырып, тілдерін дамыту. Қызықты ойындар арқылы балалардың эмоциялық сезімдерін дамыту. Әрбір аңның және баласының атын	1

		дұрыс атауға жаттықтыру. олардың тіршілік ететін ортасы туралы түсініктерін бекіту. Балалардың аңдарға деген сүйіспеншілік сезімдерін арттырып, оларға қамқорлықпен карауға, табиғатты аялай білуге, адамгершілікке тәрбиелеу.	
21	«Ыдыс аяқ»	Ыдыстардың әртүрлі материалдардан жасалатыны туралы түсініктерін кеңейту. Ыдыстардың тікелей пайдасы мен қажеттілігі туралы білімдерін кеңейту. Ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. Танымдылық қызығушылықтарын дамыту. Байланыстырып сөйлеу тілін, көріп қабылдау және зейінін, артикуляциялық моторика және тілдік тыныс алуын дамыту. Жұмбақтар шешіп, жаңылтпаштар айтып үйрену.	1
22	«Азық түліктер»	Азық –түлік аттарын қазақша атай алуға, естеріне сақтауға жаттықтыру; қандай?. Сұрағына жауап беру дағдысын жетілдіру. Тағамды қадірлеуге тәрбиелеу. Жинақтап жалпылап айту дағдыларын жетілдіру. Артикуляциялық моториканы дамыту. Жауапкершілік, белсенділік, мейірімділік, бірлесу дағдыларын қалыптастыру.	1
23	«Техника түрлері»	Балаларды қауіпсіздік ережелерін сақтауға тәрбиелеу. Балалардың техника туралы білімдерін, есте сақтау, елестету қабілетін дамыту. Сөйлеу тілдерін жетілдіру. Артикуляциялық және ұсақ моториканы дамыту. Ұқыптылыққа, еңбек сүйгіштікке, анық сөйлеуге тәрбиелеу.	1
24	«Аяқ киім жинағы»	Балаларды жыл мезгілдеріне байланысты аяқ киім түрлерімен таныстыру. Аяқ киімнің түрлерін топтастырып, қолдану жолдарын үйрету. Байланыстырып сөйлеу тілдерін, артикуляциялық және ұсақ моториканы дамыту. Дыбыстық және буындық талдау -жинақтау дағдыларын жетілдіру.	1
25	«Анамның мейрамы»	8-наурыз мейрамы туралы түсінік беру, анаға деген мейірімді, сүйіспеншілікті арттыру, аналар туралы өлең шумақтарын оқуда мәнерлі, сауатты, анық оқи алуға машықтандыру; оқушыны ізгілік, инабаттылық, сыйластық, адамгершілік сияқты қасиеттерге тәрбиелеу. Сипатап айтуға жаттығу. Артикуляциялық және жалпы моториканы дамыту. Жауапкершілік, белсенділік, мейірімділік, бірлесу дағдыларын қалыптастыру.	1
26	«Ертегілер әлемі»	Ертегі кейіпкерлері туралы білімдерін кеңейту; - ойлау, қайта жаңғыртып еске түсіру арқылы қиялдай білуге үйрету; - ертегілер арқылы балаларды адамгершілікке, мейірімділікке және адалдыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу; - қиялдау, мәнерлеп сөйлеуге баулу, шығармашылық қабілетін дамыту. Рөлде ойнау біліктерін қалыптастыру	1

		Жауапкершілік, белсенділік, мейірімділік, бірлесу дағдыларын қалыптастыру.	
27	«Киім үлгісі»	Балаларды киім түрлерімен таныстыру, ұл мен қыздың киімін ажырата білуге үйрету. Бір-екі сөздермен сөйлем құратып, ауызекі сөйлеу тілдерін дамыту. Қуыршақты киіндіру арқылы балалардың ұсақ қол моторикасын дамыту. Ойлауын қиялын дамыту.	1
28	«Наурыз мерекесі»	Ұлыстың ұлы күні наурыз мерекесін тойлау. Ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрып жайында қарапайым түсінік беру. Ата-бабаларымыздың кейінгі ұрпаққа мирас еткен асыл мұрасын қадірлеп, қастерлеуге, қасиетін түсінуге баулу. Ұлттық дәстүрдің ерекшеліктерімен таныстыру. Қазақ халқының салт-дәстүрлерін балалардың бойына сіңіру. Балаларды ұлттық салт-дәстүрді, мұраларды танып-білуге, сыйлап, түсінуге үйрету. Балалардың ой-қиялының, шығармашылық белсенділігінің және бейнелі ойларының дамуына ықпал ету.	1
29	«Көктем мезгілі»	Балаларға көктем туралы түсінік беру, әңгіме құрауды үйрету, шығармашылық қиялын, сөздік қорын байыту, есту және құру зейінін дамыту, табиғатты қорғауға тәрбиелеу. Сюжеттік суреттерді қарастыру негізінде Көктем туралы білімді жүйелеу.	1
30	«Ғарыш әлемі»	Ғарыш, ғарышкер туралы түсініктерін қалыптастыру және мағлұмат беру. Балалардың сөздік қорларын байыту, 12-ші сәуір ғарышкерлер күні туралы түсінік беру, айналаны қоршаған орта жайында білімдерін кеңейту. Тілдік тыныс алу және артикуляциялық моториканы дамыту.	1
31	«Жыл құстары»	Құстар туралы білімдерін кеңейту, сөздік қорын молайту, байланыстырып сөйлете білуге үйрету. Құстардың тіршілігімен танысу. Құстарға қамқорлық жасауға және адамгершілікке баулу. Сын есім сөздер сөздігін дамыту. Сөзге дыбыстық талдау жасау және буынға бөлу дағдыларын дамыту. Фонематикалық есту және қабылдауын дамыту.	1
32	«Теңіз әлемі»	Балаларды теңіз астындағы жәндіктермен және олардың түрін, су астында қалай тіршілік ететінін таныстыру; теңіз астындағы ерекше жәндік түрлерімен таныстырып білімін көтеру; шығармашылық жұмыс барысында балалардың ой-өрісін және сөздік қорын дамыту. Табиғаттың бір бөлігі теңіз жәндіктеріне қызығушылығын арттырып оларды қорғауға, қамқор болуға тәрбиелеу.	1
33	«Гүлдер әлемі»	Гүлдердің түрлерімен таныстыру, гүлдердің түр-түстерін ажырата білуге баулу. Өсімдіктерді күту ережелерімен таныстыру. Сөздік қорын молайту, ойлау сезімдерін дамыту. Гүлдер мен өсімдіктерге қамқорлық көрсетуге, күтуге, сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Мәдениеттілікке, жауапкершілікке, тазалыққа баулу.	1
34	«Ер есімі – ел есінде»	Балаларға Ұлы Отан соғысы туралы түсініктерін қалыптастыру, «жеңіс» сөзінің мағынасын ұғындыру, соғысқа қатысқан еліміздің батырлары ерліктері туралы бейне баяндар көрсете отырып ерліктерін	1

		құрметтеуге баулу Бойында Отансүйгіштік қасиеттерін, өз еліміздің тәуелсіздігін қадірлей білуге, оны өз бетінше қорғай білуге тәрбиелеу.	
35	«Құрт-құмырсқа жәндіктер»	Құрт-құмырсқа, көбелек және басқа жәндіктермен таныстырып, мекен ету ортасы туралы мағлұмат беру. Табиғатты аялауға тәрбиелеу. Табиғатты бақылай білуге қабілеттерін дамыту. Бірлесу, мейірімділік, белсенділік, жауапкершілік, өзара түсінісушілік дағдыларын қалыптастыру	1
36	«Жаз келді»	Жаз мезгілінің табиғи ерекшеліктерін меңгерту. Табиғатқа, қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігін арттыру. Жаз мезгілі және оның белгілері туралы түсініктерін бекіту. Балалардың сөздік қорын молайту, байланыстыра сөйлеу дағдыларын қалыптастыру.	1

Барлық тарау тақырыптары мектеп жасына дейінгі баланың сыни ойлауын көрсететін нақты үлгі ретінде балаларды үнемі толғандыратын: «Бұл не? Қалай? Неге?» т.с.с. сауалдар төңірегінде берілген. Балалар өздері куә болған адамдар әрекетінің, табиғи құбылыстардың, оқиғалардың себептерін үнемі білгісі келеді. Бұл сұрақтар баланың миын белсенді жұмыс істете отырып, ойлау қабілетін дамытады. Бұл әдістемелік нұсқау қысқамерзімді жоспар түрінде орындалған ҰІӨ мазмұнынан тұрады. Қысқамерзімді жоспардың өзіндік айрықша құрылымы мен ерекшелігі бар:

1. Оқу мақсаттарының болуы (олар бағдарламада белгілі бір бөлім мен бөлімшелер ретінде берілген, сондықтан педагогтер оны өзгертпегені жөн).
2. Жоспарда ҰІӨ сараланған мақсаттары берілген (барлық балалар, балалардың көпшілігі және кейбіреулері үшін). Бұл оқу үрдісін ұтымды саралай ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Оқу жоспарының құрылымы практикалық жағынан пайдалану үшін айтарлықтай қарапайым және оқу барысы үшін тиімді. Жоспар 3 бөлімнен тұрады: Бірінші бөлімде баланың эмоционалдық көңіл күйін қамтамасыз ететін әдіс-тәсілдер қаралған. Екінші бөлімде негізгі бөлім ретінде оқу мақсаттарын жүзеге асыруға бағытталған әдістер, тәсілдер мен құралдар буынын қамтиды. Үшінші бөлім рефлексия түрінде қорытынды шығаруға бағытталған. Жоспардың «Ресурстар» атты айрықша тармағында дидактикалық, әдістемелік, электрондық сипаттағы әртүрлі ақпарат көздері берілген (кейбірінің электрондық мекенжайы бар). Әдістемелік нұсқаудағы тапсырмалар осы әдіс-тәсілдер есебінен барынша қызықты, мазмұнды, ойын түрінде тартымды болады. Онда әдеби сөз де, сурет салу да, сахналық рөл сомдау, ойын, драмалау, ойнау, фольклор, сергіту сәті, практикалық тапсырмалар, шағын зерттеулер және т.б. бар. Бұл педагог осы оқу құралын пайдаланумен ғана шектеліп, өз тарапынан қандай да бір тиімді шығармашылық әдістер енгізуге немесе өздігінен өзгертуге құқығы жоқ дегенді білдірмейді.